**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 қарашадағы N 1686 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 29 қаңтардағы N 22-ө өкімінің күші жойылды деп тану туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 желтоқсандағы N 1180 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 725 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 725 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 қарашадағы N 1686 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

| | |
|---|---|
| Тоқаев Қасымжомарт Кемелұлы | - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі |
| Дунаев Арман Ғалиасқарұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі |
| Келімбетов Қайрат Нематұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі |
| Балиева Зағипа Яхиярқызы | - Қазақстан Республикасының Әділет министрі |
| Мамин Асқар Ұзақбайұлы | - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі |
| Самақова Айткүл Байғазықызы | - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі |
| Құлмаханов Шалбай Құлмаханұлы | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі |
| Кравченко Иван Михайлович | - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі |
| Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы | - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы |

Дүтбаев Нартай Нұртайұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы (келісім бойынша);

мынадай:

"Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының басқарушы директоры, атқарушы хатшы (келісім бойынша)",

"Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)"

деген жолдардағы "жабық" деген сөз алынып тасталсын;

көрсетілген құрамнан Тимур Асқарұлы Құлыбаев, Қайрат Қуатұлы Әбусейітов, Нұрлан Құсайынұлы Рахметов, Қайрат Медібайұлы Әйтекенов, Нұрлан Әбділдаұлы Ысқақов, Жақып Қажыманұлы Асанов, Ораз Әлиұлы Жандосов, Нұрғали Дәулетбекұлы Білісбеков, Юрий Иванович Лавриненко, Нұрахмет Құсайынұлы Бижанов, Бауыржан Түйтеұлы Әбдешев, Мұхтар Бескенұлы Тілеуберді, Мақсат Бағытұлы Иденов, Бауыржан Ысқақұлы Елубаев шығарылсын;

3-тармақтың күші жойылды деп танылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Экспорттық мұнай-газ құбырлары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

5-тармақтағы "ҚазТрансОйл" ұлттық мұнай тасымалдау жөніндегі компаниясы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының отын-энергетика секторын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1998 жылғы 29 қаңтардағы N 22-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК